Пайғамбарлардың таухиді және оған тескері келетін мүшріктер мен кәпірлердің діндері

توحيد الأنبياء

<қазақ тілі – Kazakh –كازاخي >

Әбдуләзіз ибн Абдулла ибн Баз

عبد العزيز بن عبد الله بن باز

дерек көзі: www.darulhijra.ru

www.darulhijra.ru مصدر: الموقع

Пайғамбарлардың таухиді және оған тескері келетін мүшріктер мен кәпірлердің діндері

Барлық мақтау бүкіл әлемдердің Раббысы Аллаһқа тән. Пайғамбарымыз Мұхаммедке және басқа пайғамбарларға, олардың от бастарына әрі басқа ізгілерге Аллаһтың сәлемі мен салауаты болсын.

Шындығында Аллаһ Тағала өзінің пайғамбарларын адамдарды Аллаһты бірлеуге шақырулары үшін және құлшылықты тек Аллаһқа арнаулары әрі Аллаһты Адамдарға таныту үшін жіберді. Құранда Аллаһ Тағала айтты:

((وَلَقَدْ بَعَثْنَا فِي كُلِّ أُمَّةٍ رَّسُولاً أَنِ اعْبُدُواْ اللّهَ وَاجْتَنِبُواْ الطَّاغُوتَ))

«Расында әр үмметке: «Аллаһқа құлшылық етіңдер де тоғуттан сақ болыңдар» дейтін елші жібердік».[1]

Аллаһ Тағала бұл аятта әр үмметке оларды бір Аллаһқа құлшылық етуге шақыру үшін, сондай-ақ оларды тоғуттарға құлшылық етуден сақтандыру үшін пайғамбарларды жібергенін айтты.

Құлшылық – ол таухид. Өйткені пайғамбарлар мен олардың үмметтерінің арасындағы келіспеушілік осы таухид үшін болған еді. Мүшріктер Аллаһқа құлшылық ететін, бірақ сөйте тұра олар Аллаһпен бірге басқа біреулерге де қоса құлшылық ететін еді. Сонда Аллаһ оларды бір өзіне ғана құлшылық етуге бұйыратын және одан өзгеге құлшылық етуден қитаратын пайғамбарларды жіберді. Аллаһ Құранда былай дейді:

((، إِلَّا الَّذِي فَطَرَنِي فَإِنَّهُ سَيَهْدِينِ وَإِذْ قَالَ إِبْرَاهِيمُ لِأَبِيهِ وَقَوْمِهِ إِنَّنِي بَرَاء مِّمَّا تَعْبُدُونَ))

«Еске алыңыз, Иброхим әкесіне және қаумына айтқан еді: «Әлбетте мен сендер табынып жатқан пұттардан пәкпін. Тек қана мені жаратқаннан басқа, әлбетте ол мені тура жолға салады».[2]

Аллаһ Тағала бұл аятта Өзінің халилі[3] Иброһимнің(әлейһис-сәләм) өз қаумы құлшылық етіп жатқан пұттардан аулақ болып тек Аллаһқа ғана құлшылық ететінін айтты. Бұл аят мүшріктердің Аллаһқа және сонымен қатар басқа пұттарға да құлшылық еткендеріне дәлел болады. Сол үшін Иброһим (әлейһис-сәләм) өзін жаратқан Рабысынан басқа барлық құлшылық етіліп жатқан пұттардан аулақпын деді. Өйткені құлшылыққа тек жаратушы, ризық беруші ғана лайықты, ал ол тек Аллаһ қана.

Тағы бір аятта Аллаһ Тағала былай дейді:

((وَمَا أَرْسَلْنَا مِن قَبْلِكَ مِن رَّسُولٍ إِلَّا نُوحِي إِلَيْهِ أَنَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا أَنَا فَاعْبُدُونِ))

«(Мұхаммед саллаллаһу әлейһи уә сәлләм), Сенен бұрын бір пайғамбар жіберсек, әлбетте оған: «Менен басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ, сондықтан маған ғана құлшылық қылыңдар» деп уахи етіп жібердік».[4]

Бұл аятта Аллаһ Тағала пайғамбарымыз Мұхаммедтен (саллаллаһу әлейһи уә сәлләм) бұрынғы жіберілген барлық пайғамбарларға (әлейһис-сәләм) Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ екендігін, сондай ақ Аллаһ адамдарға оның өзіне ғана құлшылық етулеріне бұйырғандығын уахи етіп жібергендігін айтты.

Міне осы аят қазіргі кездегі барлық Аллаһтан өзге құлшылық етіліп жатқандардың; пайғамбарларға, әулиелерге, пұттарға және жын, періштелер үшін қылынып жатқан құл- шылықтардың барлығы өтірік, жалған екендігіне дәлел бо- лады. Бұл нәрсені әлде қайда айқындай түсетін аяттарға Аллаһ Тағаланың толық үкім беретіні және оның құдіреті мен әділдігі себебі жайында айтылған мына сөзі жатады:

((ذَلِكَ بِأَنَّ اللَّهَ هُوَ الْحَقُّ وَأَنَّ مَا يَدْعُونَ مِن دُونِهِ هُوَ الْبَاطِلُ))

«Бұл — Аллаһ хақ, ал олардың Аллаһтан өзге сиын ғандары, ол жалған болғандығынан».[5]

(Бұл: яғни, Аллаһтың толық үкім етуі, оның әділдігі және әр нәрсеге құдіретті болуының себебі – Аллаһ хақ, яғни берік, ол әзелден бар және ешқашан жоқ болып кет- пейтіндігінен, ол ең алғашқы, одан алдын ешкім жоқ, әрі болмаған, ол ең ақырғы, одан кейін ешкім болмайтын- дығынан. Оның есім-сипаттары кәміл, ол уәдесінде шын- шыл, оның уәдесі хақ, оған жолығу хақ, оның діні хақ, оған құлшылық ету хақ әрі пайдалы және мәңгілікке қала- тындығынан. Ал олардың Аллаһтан өзге сиынған пұттары, тастары және хайуандары ол жалған. Олардың өздері де, оларға арналған құлшылық та жалған. Өйткені олар өтіп кететін пәни дүниеге тәуелді, сондықтан пәни дүние жалған болғандықтан, бұлар да сөзсіз жалған болады).[6]

Тағы да осы мағынаны Аллаһ Тағаланың мүшріктер жайындағы пайғамбарымыз (саллаллаһу әлейһи уә сәлләм) оларды «*Лә иләһа иллә ллаһ*» деп айтуға шақырғандағы олардың айтқан сөзі айқындайды. Сол кезде олар:

أَجَعَلَ الْآلِهَةَ إِلَٰهًا وَاحِدًا إِنَّ هَٰذَا لَشَيْءٌ عُجَابٌ

«Тәңірлерімізді бір ақ тәңір қылды ма? Бұл өте таң қаларлық нәрсе ғой!?»[7] - деген еді.

Сол сияқты оларға осы сөзді айтыңдар делінгенде, олар тәкаппарланған еді. Аллаһ Құранда былай дейді:

إِنَّهُمْ كَانُوا إِذَا قِيلَ لَهُمْ لَا إِلَٰهَ إِلَّا اللَّهُ يَسْتَكْبِرُونَ، وَيَقُولُونَ أَئِنَّا لَتَارِكُوا آلِهَتِنَا لِشَاعِرٍ مَّجْنُونٍ

«Расында оларға: *«Лә иләһа иллә ллаһ»* - деңдер делінсе, олар тәкаппарланатын және:*«Тәңірлерімізді бір ақылынан айырылған ақын үшін тастаймыз ба?!»* - дейтін еді».[8]

Осы аяттардың барлығы мүшріктердің таухид кәлимасы, яғни «*Лә иләһа иллә ллаһ*» олардың Аллаһқа серік келтірулерін жоққа шығаратынын білетіндігіне және олардың табынған пұттары жалған екендігіне дәлел болады. Міне осыдан расында «*Лә иләһа илла ллаһ*» кәлимасы құлшылықты тек Аллаһқа ықыласпен арнауды талап ететіндігін білуге болады. Сол сияқты бұл аяттар Аллаһ Тағаланың ақиқат құлшылыққа лайықты екендігіне дәлел етеді. Егер олай болмаса, сол кездегі Құрайыш мүшріктері *Лә иләһа илла ллаһ* сөзін айтудан тәкаппарланбайтын, әрі бұл сөз олардың барлық пұттарын өтірікке шығарады деп айтпайтын еді.

Бұл нәрселерді көп адамдар білмейді. Өйткені олар егер біреу: «*Лә иләһа илла ллаһ*» деп айтса болды, ол толық мұсылман болды деп ойлайды. Тіпті егер сол адам дұға ету, қорқу, үміт ету, тәуекел ету, құрбан шалу және нәзір ету сияқты көптеген құлшылықтың түрлерін Аллаһтан басқа біреуге арнаса да, оны толық мұсылман деп ойлайды.

Ол адамдар «*Лә иләһа илла ллаһ*» деп айтады, бірақ олар сонымен қатар өздері әулие деп атайтын қабірлердегі өлген адамдардың аруақтарына жалбарынады. Олардан өздеріне қажет болған нәрселерін сұрайды, бастарына түскен қиыншылықтарын кеткізулерін тілейді, олардан жауларына қарсы жәрдем сұрайды. Олар бұл нәрселерді бірде қабірдің басына келіп, бірде ұзақта жүріп те сұрайды.

Кейде олар осы нәрселерді пайғамбарымыз Мұхаммедтен (саллаллаһу әлейһи уә сәлләм) және басқа да пайғамбарлардан сұрайды. Сондай ақ кейде өздеріне қажет болған нәрселерін жындардан тілейді, олардан жәрдем сұрайды, олар үшін құрбандық шалып олардан пір пайда не ауруларына шипа іздейді. Тіпті өздеріне төнген қауіп қатер мен азаны кеткізуін сұрауға дейін барады.

Бұл істердің барлығы сол қабірлерге табынып жүрген адамдармен араласқан және олардың қалай Аллаһқа серік келтіретіндерін, қандай анық күпірлік істерге баратындарын көрген адамға жасырын емес.

Жоғарыдағы аяттарда айтылғандай Аллаһ Тағала пайғамбарлардың барлығын осы ширкті қайтару үшін, одан сақтандыру үшін және адамдарды тек бір Аллаһқа құлшылық етуге шақыру үшін жіберді. Аллаһ Тағала пайғамбарларға адамдарды өздерін жаратқан және оларды ризықтандырған Раббыларымен таныстыруды бұйырды.

Содай ақ оларға Аллаһтың кемел ұлықтығы мен құдіретіне және оның толық білімі мен пендесіне деген жақсылығына, оларға деген рақымдылығына дәлел ететін көркем есімдері мен жоғары сипаттарын зікір етуді бұйырды. Аллаһ пайғамбарларды адамдарға тек оның өзі ғана пайда не зиян беруші екендігін, олардың барлық істерін басқарушы және барлығының хал ахуалдарын тек қана Аллаһ білуші екендігін хабарлаулары үшін жіберді. Сондықтан Аллаһтан басқа біреу, ол пайғамбар не періште не әулие болса да, ол оған құлшылық етуге, одан бір нәрсе сұрауға лайықты емес. Өйткені тек Аллаһ қана әр нәрсеге құдіретті, әр нәрсені білуші, ал одан өзгелерінің барлығы Аллаһқа мұқтаж. Аллаһ құранда былай дейді:

وَمَا خَلَقْتُ الْجِنَّ وَالْإِنسَ إِلَّا لِيَعْبُدُونِ، مَا أُرِيدُ مِنْهُم مِّن رِّزْقٍ وَمَا أُرِيدُ أَن يُطْعِمُونِ، إِنَّ اللَّهَ هُوَ الرَّزَّاقُ ذُو الْقُوَّةِ الْمَتِينُ

«Жын мен адамзатты тек өзіме құлшылық етулері үшін жараттым. Олардан бір ризық талап етпеймін және олар мені тамақтандыруларын да қаламаймын. Өйткені Аллаһ ризықтандырушы әрі мықты күш қуат йесі».[9]

يَا أَيُّهَا النَّاسُ اعْبُدُواْ رَبَّكُمُ الَّذِي خَلَقَكُمْ وَالَّذِينَ مِن قَبْلِكُمْ لَعَلَّكُمْ تَتَّقُونَ، الَّذِي جَعَلَ لَكُمُ الأَرْضَ فِرَاشاً وَالسَّمَاء بِنَاء وَأَنزَلَ مِنَ السَّمَاء مَاء فَأَخْرَجَ بِهِ مِنَ الثَّمَرَاتِ رِزْقاً لَّكُمْ فَلاَ تَجْعَلُواْ لِلّهِ أَندَاداً وَأَنتُمْ تَعْلَمُونَ

«Әй адамдар! Сендерді және сендерден бұрынғыларды жаратқан Раббыларыңа құлшылық қылыңдар, бәлкім сақсынарсыңдар! Ол седер үшін жерді жайлы орын, аспанды шатыр еткен және көктен жаңбыр жаудырып сол арқылы сендерге ризық болсын деп жемістер өсірген. Сондықтан біле тұра оған ортақ қосаңдар!»[10].

أَيُّهَا النَّاسُ أَنتُمُ الْفُقَرَاء إِلَى اللَّهِ وَاللَّهُ هُوَ الْغَنِيُّ الْحَمِيدُ، إِن يَشَأْ يُذْهِبْكُمْ وَيَأْتِ بِخَلْقٍ جَدِيدٍ، وَمَا ذَلِكَ عَلَى اللَّهِ بِعَزِيزٍ

«Әй адамдар! Сендер Аллаһқа мұқтажсыңдар. Аллаһ болса, ешкімге мұқтаж емес әрі барлық мақтауларға лайықты. Егер қаласа, сендерді жердің бетінен кетіріп, орындарыңа басқа ел келтіреді. Бұл Аллаһқа қиын емес».[11]

Пайғамбарлардың әрқайсысы өз қауымдарына Аллаһ Тағаланың ұлықтығын, оның әр нәрсеге құдіретті, әр нәрсені білуші және дұғаларды еститін, қиыншылыққа тап болғанға жәрдем ететін, пайда да, зиян да беретін Аллаһ екендігін жеткізді. Сонымен қатар олар өз қауымдарына олардың құлшылық еткендері оларға еш пайда не зиян әкелмейтінін, оларға дұға қылса дұғаларын естімейтін және оған жауап та қайтара алмайтындықтарын жеткізді. Сондай ақ пайғамбарлар қауымдарына олардың құлшылық еткен пұттары сөйлемейтіндіктерін және оларды тура жолға сала алмайтындықтарын, олар үшін не пайда не зиян әкеле алмайтындықтарын хабарлады.

Міне осының барлығы олардың тек Аллаһқа құлшылық етулерін, оған тәубе етіп өз қажеттерін тек Аллаһтан сұрау- ларын талап етеді. Сондай ақ бұның барлығы Аллаһтың жіберген пайғамбарларын растап, Аллаһтың шариғатын ұстануды талап етеді.

Аллаһ Құранда Нұх (әлейһис-сәләм) өз қаумына былай дегені жайлы айтты:

اسْتَغْفِرُوا رَبَّكُمْ إِنَّهُ كَانَ غَفَّارًا، يُرْسِلِ السَّمَاء عَلَيْكُم مِّدْرَارًا، وَيُمْدِدْكُمْ بِأَمْوَالٍ وَبَنِينَ وَيَجْعَل لَّكُمْ جَنَّاتٍ وَيَجْعَل لَّكُمْ أَنْهَارًا

«Раббыларың (Аллаһтан) жарылқау сұраңдар, әлбетте ол өте жарылқаушы. (Егер одан жарылқау сұрасаңдар), ол үстеріңе көктен жаңбыр жаудырады және сендерге мал-дүние, бала-шағамен медет береді әрі сендерге бау-бақшалар және ағатын өзендер тарту етеді».[12]

Және Һуд (әлейһис-сәләм) өз қаумына былай дегені жайлы айтты:

وَاتَّقُوا الَّذِي أَتَبْنُونَ بِكُلِّ رِيعٍ آيَةً تَعْبَثُونَ، وَتَتَّخِذُونَ مَصَانِعَ لَعَلَّكُمْ تَخْلُدُونَ، وَإِذَا بَطَشْتُم بَطَشْتُمْ جَبَّارِينَ، فَاتَّقُوا اللَّهَ وَأَطِيعُونِ،
وَجَنَّاتٍ وَعُيُونٍ، إِنِّي أَخَافُ عَلَيْكُمْ عَذَابَ يَوْمٍ عَظِيمٍ أَمَدَّكُم بِمَا تَعْلَمُونَ، أَمَدَّكُم بِأَنْعَامٍ وَبَنِينَ،

«Сендер әрбір төбеге ойын-күлкі үшін бір белгі, биік құрылыс жасайсыңдар ма? Және мәңгі жасап қалатындай сарайлар саласыңдар ма?! Қашан бір кісіні (жазалау үшін) ұстасаңдар, рақымсыздардай ұстай-сыңдар. Енді, Аллаһтан қорқыңдар және маған мойынсыныңдар! Сендерге өздерің білетін нығметтерді берген Аллаһтан қорқыңдар! Ол сендерге шаруа хайуандарын, бала-шаға және бау-бұлақтарды берді ғой. Шындығында мен сендердің үстеріңе қатты азап түсіуінен қорқамын»[13].

*(Аллаһ Тағала Ад қаумына өте үлкен күш-қуат берген еді. Сонда оларға сол күш-қуаттарын Аллаһқа итағат етуге пайдаланулары керек болатын. Бірақ олар тәкаппарланып: «Бізден қуатты кім бар?»-деп мақтанады және күш- қуаттарын күнә істеуге, бекершілік пен ақымақтыққа жұмсайды. Олар әуес ететін нәрселерге қатты құмарланатын еді және қалаларының сыртындағы таулардың арасындағы жол жағаларына дейін ойын күлкі қылатын биік, қымбат ғимараттар құратын. Өздері тұратын үйлерін ешқашан өлмейтіндей шектен тыс артық дәрежеде мықты және оюлы қылып құрып, бүкіл өмірлерін осындай пайдасыз істерге сарыптайтын әрі сонымен мақтанатын еді. Сонда Һуд (әлейһис-сәләм) оларды Аллаһтың берген нығметтерін естеріне түсіріп, егер сол күпірлік пен бекершіліктерінен қайтпаса, оларды түссе кері қайтарылмайтын қатты азап келуін айтып ескертті).**[14]***

Аллаһ Тағала өзінің пайғамбары Солих (әлейһис-сәләм) өз қаумын былай деп шақырғаны туралы айтты:

تُتْرَكُونَ فِي مَا هَاهُنَا آمِنِينَ، فِي جَنَّاتٍ وَعُيُونٍ، وَزُرُوعٍ وَنَخْلٍ طَلْعُهَا هَضِيمٌ، وَتَنْحِتُونَ مِنَ الْجِبَالِ بُيُوتًا فَارِهِينَ، فَاتَّقُوا اللَّهَ
وَأَطِيعُونِ، وَلَا تُطِيعُوا أَمْرَ الْمُسْرِفِينَ، الَّذِينَ يُفْسِدُونَ فِي الْأَرْضِ وَلَا يُصْلِحُونَ

«Сендер бұл жердегі баулар мен бұлақтар, егіндер мен жемістері жұмсақ, піскен құрма ағаштары арасында мәңгі қалдырылып, шеберлікпен таулардан үйлерді жона береміз деп ойлайсыңдар ма? Аллаһтан қорқыңдар да маған мойынсұныңдар! Жер бетінде бұзақылық қылатын және еш нәрсені оңдай алмайтын шектен шығушылардың әміріне мойынсұнбаңдар!»[15].

Құранда Аллаһ Тағала өзінің халилі[16] Иброһим (әлейһис-сәләм) жайлы былай деген:

أَوْ وَاتْلُ عَلَيْهِمْ نَبَأَ إِبْرَاهِيمَ، إِذْ قَالَ لِأَبِيهِ وَقَوْمِهِ مَا تَعْبُدُونَ، قَالُوا نَعْبُدُ أَصْنَامًا فَنَظَلُّ لَهَا عَاكِفِينَ، قَالَ هَلْ يَسْمَعُونَكُمْ إِذْ تَدْعُونَ،
يَنْفَعُونَكُمْ أَوْ يَضُرُّونَ، قَالُوا بَلْ وَجَدْنَا آبَاءَنَا كَذَلِكَ يَفْعَلُونَ، قَالَ أَفَرَأَيْتُمْ مَا كُنْتُمْ تَعْبُدُونَ، أَنْتُمْ وَآبَاؤُكُمُ الْأَقْدَمُونَ، فَإِنَّهُمْ عَدُوٌّ لِي إِلَّا رَبَّ
الْعَالَمِينَ، الَّذِي خَلَقَنِي فَهُوَ يَهْدِينِ، وَالَّذِي هُوَ يُطْعِمُنِي وَيَسْقِينِ، وَإِذَا مَرِضْتُ فَهُوَ يَشْفِينِ، وَالَّذِي يُمِيتُنِي ثُمَّ يُحْيِينِ، وَالَّذِي أَطْمَعُ أَنْ
يَغْفِرَ لِي خَطِيئَتِي يَوْمَ الدِّينِ، رَبِّ هَبْ لِي حُكْمًا وَأَلْحِقْنِي بِالصَّالِحِينَ، وَاجْعَلْ لِي لِسَانَ صِدْقٍ فِي الْآخِرِينَ، وَاجْعَلْنِي مِنْ وَرَثَةِ جَنَّةِ
النَّعِيمِ، وَاغْفِرْ لِأَبِي إِنَّهُ كَانَ مِنَ الضَّالِّينَ، وَلَا تُخْزِنِي يَوْمَ يُبْعَثُونَ، يَوْمَ لَا يَنْفَعُ مَالٌ وَلَا بَنُونَ ، إِلَّا مَنْ أَتَى اللَّهَ بِقَلْبٍ سَلِيمٍ

(Ей, Мұхаммед саллаллаһу әлейһи уә сәлләм!) Оларға Иброһимнің хабарын оқып бер! Сол кезде ол әкесі мен еліне: «Неге құлшылық етесіңдер?»-дегенінде олар: «Біз пұттарға ғибадат етушіміз, әрі оларға көбірек уақыт бөліп құлшылық етіп қала береміз»-деді. Сонда Иброһим (әлейһис-сәләм) оларға: «Мінәжәт еткен кездеріңде пұттарың сендерді естиді ме? Немесе олар сендерге пайда, не зиян жеткізе алады ма?!»-деді. Олар: «Жоқ, біздер ата-бабаларымызды осылай пұттарға ғибадат етулерін көргенбіз. (Сол себептен, біздер де пұттарға ғибадат етеміз)» деді.

Иброһим (әлейһис-сәләм) айтты: «Сендер өздерің және ежелгі ата-бабаларың да табынып жүрген пұттарың жөнінде ойлап көрдіңдер ме? Шындығында олар мен үшін дұшпан (сондықтан, мен оларға құлшылық етпеймін), тек бүкіл әлемдердің Раббысына ғана құлшылық етемін. Ол мені жаратқан, сондықтан, Өзі мені тура жолға салады. Ол мені тамақтандырады да сусындандырады. Ол қашан ауырсам, маған шипа береді. Ол мені өлтіреді де сонсоң қайта тірілтеді. Ол сондай Аллаһ, қиямет күні мен одан қателерімді жарылқауын үміт етемін. Раббым маған даналық беріп, мені игілерге қоса көр! Мені кейінгі нәсілдердің тілінде де шынайы үлгі қыла көр! Мені нығметті жаннаттың мұрагерлерінен қыл! Әкемді жарылқа, өйткені ол адасушылардан. Қабірден қайта тіріліп тұратын күнде мені мұңайтпа! Ол күні мал да, бала-шаға да пайда бермейді. Бірақ кім (Аллаһқа серік келтірмей, ықыласты)сау жүрекпен келсе, сол ғана оған пайда береді»-деді.[17]

Тағы да Аллаһ Тағала Исрайл ұрпақтарының сиырға табынғандары туралы былай деді:

وَاتَّخَذَ قَوْمُ مُوسَى مِن بَعْدِهِ مِنْ حُلِيِّهِمْ عِجْلاً جَسَدًا لَّهُ خُوَارٌ أَلَمْ يَرَوْاْ أَنَّهُ لاَ يُكَلِّمُهُمْ وَلاَ يَهْدِيهِمْ سَبِيلاً

«Мұса (әлейһис-сәләм) Тұр тауына Аллаһқа құлшылық ету үшін кеткеннен кейін, оның қаумы өздерінің сәндік-әшекей бұйымдарынан мөңірейтін бір бұзаудың денесінен мүсін жасап алып оған құлшылық ете бастады. Олар ол бұзаудың өздеріне сөйлемейтінін және оларды тура жолға сала алмайтынын білмей ме?».[18] Сондай ақ Таха сүресінде олар жайлы:

أَفَلَا يَرَوْنَ أَلَّا يَرْجِعُ إِلَيْهِمْ قَوْلًا وَلَا يَمْلِكُ لَهُمْ ضَرًّا وَلَا نَفْعًا

"Олар (сол бұзаудың) өздеріне жауап қайтара алмайтынын, сондай ақ ол олар үшін не зиян, не пайда келтіру күшіне ие емес екенін көрмей ме?- деді".[19]

Яғни олар өздеріне сөз қайтармайтын, не пайда не зиян әкеле алмайтын және сөйлемейтін әрі оларды тура жолға сала алмайтын бір бұзауға табынатындай ақылдары қайда кетті?

Міне осыдан дұғаны еститін, қиналған адам егер одан жәрдем тілесе, оған жауап беретін және егер қаласа сөйлейтін, пайда және зиян келтіруші - ол тек қана аса пәк Аллаһ екендігін білуге болады. Сондай-ақ бұдан бұл сипат- тар кемелдік сипаттарға жататынын және ақиқат құлшы- лыққа лайықты тәңір осындай сипаттарға ие болу керектігін аңғаруға болады. Ал бұрынғы және қазіргі кездегі адамдардың табынып жүрген пұттары бұл сипаттардың ешқай- сысына да ие емес. Олар естімейді, адамға, тіпті өздеріне де пайда немесе зиян тигізе алмайды, дұға еткенге жауап қат- пайды, оған сөз қайтармайды және оларға тура жолды да көрсете алмайды. Сондықтан қалайша бұл нәрселерді барлығын естуші, жауап қатушы, пайда мен зия оның қолында болған, барлық нәрсені білуші, әр нәрсеге құдіретті, одан басқа құлшылыққа лайықты ешкім болмаған Аллаһқа теңеп, оған оны серік қылып құлшылық етуге болады.

Қасиетті Құранда бұл жайлы аяттар өте көп. Ол аяттардың барлығы аса пәк Аллаһ барлық кемелдік сипат- тарына ие екендігіне және барлық кемшілік пен айыптардан пәк екндігіне дәлел етеді. Бұның барлығы тек Аллаһқа ғана құлшылық етіп, құлшылықта ықыласты болуды және барлық істерде басқасын қойып тек оған ғана тәуекел етіп, жүректі тек Аллаһқа ғана бұруды уәжіп етететін істерге жатады. Өйткені Аллаһ Тағал барлық заттың жаратушысы, ризықтандырушысы әрі патшасы және барлық істің басқарушысы. Сондықтан оған ғана құлшылық етіп, онымен бірге ешкімге табынуға болмайды.

Ақиқатында Аллаһ Құранда өзінің пайғамбарлары Нұх, Һуд, Солих Шұғайбтардың (әлейһис-сәләм) өз қауым-дарына:

اعْبُدُواْ اللّهَ مَا لَكُم مِّنْ إِلَـهٍ غَيْرُهُ

«Аллаһқа құлшылық қылыңдар, сендер үшін одан басқа (құлшылыққа лайықты) тәңір жоқ!»-дегендерін айтты.

Сондай ақ жоғарыда айтылғандай, барлық пайғамбарлар да өз қауымдарына осыны айтқан еді. Бұл жайында Аллаһ Тағала былай деді:

وَإِبْرَاهِيمَ إِذْ قَالَ لِقَوْمِهِ اعْبُدُوا اللَّهَ وَاتَّقُوهُ ذَلِكُمْ خَيْرٌ لَكُمْ إِنْ كُنْتُمْ تَعْلَمُونَ، إِنَّمَا تَعْبُدُونَ مِنْ دُونِ اللَّهِ أَوْثَانًا وَتَخْلُقُونَ إِفْكًا إِنَّ الَّذِينَ تَعْبُدُونَ مِنْ دُونِ اللَّهِ لَا يَمْلِكُونَ لَكُمْ رِزْقًا فَابْتَغُوا عِنْدَ اللَّهِ الرِّزْقَ وَاعْبُدُوهُ وَاشْكُرُوا لَهُ إِلَيْهِ تُرْجَعُونَ

«Иброһимді (әлейһис-сәләм) есіңе ал! Ол өз қауымына былай деген еді: «Аллаһқа құлшылық етіңдер және одан қорқыңдар! Егер білсеңдер, сол сендер үшін жақсы болады. Сендер Аллаһты қойып, пұттарға құлшылық етудесіңдер және оларды «құдайлар» деп жалған ойлаудасыңдар. Расында сендердің Аллаһтан өзге құлшылық етіп жатқан нәрселерің сендерге ризық бере алмайды. Сондықтан ризықты Аллаһтан тілеңдер және оған ғибадат етіңдер әрі шүкірлік қылыңдар! Өйткені (өлгеннен кейін) оған қайтарыласыңдар»».[20]

Соффат сүресінде Аллаһ Тағала айтты:

وَإِنَّ مِنْ شِيعَتِهِ لَإِبْرَاهِيمَ، إِذْ جَاءَ رَبَّهُ بِقَلْبٍ سَلِيمٍ، إِذْ قَالَ لِأَبِيهِ وَقَوْمِهِ مَاذَا تَعْبُدُونَ، أَئِفْكًا آلِهَةً دُونَ اللَّهِ تُرِيدُونَ، فَمَا ظَنُّكُمْ بِرَبِّ الْعَالَمِينَ

«Расында Иброһим (әлейһис-сәләм) да Нұхтың (әлейһис-сәләм) тобынан. Есіңе ал, ол Раббысына таза жүрекпен келді. Сол кезде ол әкесі мен қаумына былай деген еді: «Не нәрсеге құлшылық етесіңдер? Аллаһты қойып, өтірік құдайларға сыйынуды қалайсыңдар ма?! Онда бүкіл әлемдердің Раббысы сендерге мүшрік болғандарың себепті беретін жазасы туралы не деп ойлайсыңдар?»».[21]

Тағы да мәриям сүресінде Аллаһ Тағала өзінің сүйікті пайғамбары Иброһим (әлейһис-сәләм) жайлы былай деді:

وَاذْكُرْ فِي الْكِتَابِ إِبْرَاهِيمَ إِنَّهُ كَانَ صِدِّيقًا نَبِيًّا، إِذْ قَالَ لِأَبِيهِ يَا أَبَتِ لِمَ تَعْبُدُ مَا لَا يَسْمَعُ وَلَا يُبْصِرُ وَلَا يُغْنِي عَنْكَ شَيْئًا، يَا أَبَتِ إِنِّي قَدْ جَاءَنِي مِنَ الْعِلْمِ مَا لَمْ يَأْتِكَ فَاتَّبِعْنِي أَهْدِكَ صِرَاطًا سَوِيًّا، يَا أَبَتِ لَا تَعْبُدِ الشَّيْطَانَ إِنَّ الشَّيْطَانَ كَانَ لِلرَّحْمَنِ عَصِيًّا، يَا أَبَتِ إِنِّي أَخَافُ أَنْ يَمَسَّكَ عَذَابٌ مِنَ الرَّحْمَنِ فَتَكُونَ لِلشَّيْطَانِ وَلِيًّا، قَالَ أَرَاغِبٌ أَنْتَ عَنْ آلِهَتِي يَا إِبْرَاهِيمُ لَئِنْ لَمْ تَنْتَهِ لَأَرْجُمَنَّكَ وَاهْجُرْنِي مَلِيًّا، قَالَ سَلَامٌ عَلَيْكَ سَأَسْتَغْفِرُ لَكَ رَبِّي إِنَّهُ كَانَ بِي حَفِيًّا، وَأَعْتَزِلُكُمْ وَمَا تَدْعُونَ مِنْ دُونِ اللَّهِ وَأَدْعُو رَبِّي عَسَى أَلَّا أَكُونَ بِدُعَاءِ رَبِّي شَقِيًّا، فَلَمَّا اعْتَزَلَهُمْ وَمَا يَعْبُدُونَ مِنْ دُونِ اللَّهِ وَهَبْنَا لَهُ إِسْحَاقَ وَيَعْقُوبَ وَكُلًّا جَعَلْنَا نَبِيًّا، وَوَهَبْنَا لَهُمْ مِنْ رَحْمَتِنَا وَجَعَلْنَا لَهُمْ لِسَانَ صِدْقٍ عَلِيًّا

(Ей, Мұхаммед саллаллаһу әлейһи уә сәлләм), осы кітапта Иброһимнің (қиссасын) зікір ет! Расында ол өте шыншыл пайғамбар еді. Сол уақытта ол әкесіне: «Әй әкетайым! Естімейтін, көрмейтін және сені Аллаһтың азабынан сақтай алмайтын, бір пайдасы жоқ нәрсеге неге құлшылық етесің? Әй әкетайым, расында маған саған келмеген білім келді. Сондықтан маған ілес, саған тура жолды көрсетейін. Әй әкетайым, шайтанға табынба, өйткені шайтан Аллаһқа қарсы шығып кәпір болған. Әй әкетайым! Расында мен саған Аллаһ тарапынан азап жетіп (тозақта) шайтанға дос болып қалуыңнан қорқамын» - дегенінде, әкесі оған: «Әй, Иброһим. Сен менің құдайларымнан бет бұрамысың? Ант етемін, егер менің құдайларымды сөгуіңді тоқтатпасаң, әлбетте сені таспен ұрамын, әрі өзің де менен ұзақ жүр» - деді. Иброһим (әлейһис-сәләм): «Саған амандық болсын. Енді мен Раббымнан сені жарылқауын тілеймін. Өйткені ол маған өте мейірімді. Мен сендерден де, сендердің Аллаһтан өзге табынған пұттарыңнан да арылып Раббыма

жалбарынамын. Раббыма жалбарынғанымның шарапатынан (сендер сияқты) бақытсыз болып қалмаймын деп үміт етемін»-деді.

Иброһим (әлейһис-сәләм) олардан және олардың Аллаһтан өзге табынған пұттарынан ажыраған кезде, оған Исхақ пен Яғқұпты беріп, әрқайсысын пайғамбар қылдық. Сондай-ақ оларды өз кеңшілігімізге бөледік және олар үшін шын, жоғары мақтауларды бердік».[22]

Аллаһ Тағала Ағраф сүресінде Һуд пайғамбары Һуд пайғамбарға(әлейһис-сәләм):

أَجِئْتَنَا لِنَعْبُدَ اللَّهَ وَحْدَهُ وَنَذَرَ مَا كَانَ يَعْبُدُ آبَاؤُنَا فَأْتِنَا بِمَا تَعِدُنَا إِنْ كُنْتَ مِنَ الصَّادِقِينَ

«Сен бізге жалғыз Аллаһқа құлшылық етуіміз және ата-бабаларымыз сиынып келген пұттарды тастауымыз үшін келдің бе? Онда, егер шыншылдардан болсаң, бізге уәде етіп жатқан нәрсеңді (яғни Аллаһтың азабын) келтірші?»[23] – дегендерін айтты.

Сондай-ақ Аллаһ Тағала оларға пайғамбарымыз Мұхаммед (саллаллаһу әлейһи уә сәләм) жіберілген арап мүшріктері туралы былай деді:

وَيَعْبُدُونَ مِنْ دُونِ اللَّهِ مَا لَا يَضُرُّهُمْ وَلَا يَنْفَعُهُمْ وَيَقُولُونَ هَؤُلَاءِ شُفَعَاؤُنَا عِنْدَ اللَّهِ

«Олар Аллаһты қойып, өздеріне зиян да, пайда да жеткізе алмайтын нәрселерге құлшылық етеді және : «Міне, осы (біздер сиынып жатқан) нәрселер Аллаһтың алдында біздердің қолдаушыларымыз»[24] - дейді. Сонда Аллаһ Тағала оларға былай деп қайтарды:

قُلْ أَتُنَبِّئُونَ اللَّهَ بِمَا لَا يَعْلَمُ فِي السَّمَاوَاتِ وَلَا فِي الْأَرْضِ سُبْحَانَهُ وَتَعَالَى عَمَّا يُشْرِكُونَ

(Мұхаммед, саллаллаһу әлейһи уә сәләм) оларға айт:"Аллаһқа көктер мен жердегі ол білмейтін нәрселерді (серіктерді) білдіріп қоймақсыңдар ма?[25] Аллаһ олардың (мүшріктердің) серік қосуларынан пәк және өте жоғары."[26]

Тағы Аллаһ Тағала Зүмәр сүресінде айтты:

تَنْزِيلُ الْكِتَابِ مِنَ اللَّهِ الْعَزِيزِ الْحَكِيمِ (1) إِنَّا أَنْزَلْنَا إِلَيْكَ الْكِتَابَ بِالْحَقِّ فَاعْبُدِ اللَّهَ مُخْلِصًا لَهُ الدِّينَ (2) أَلَا لِلَّهِ الدِّينُ الْخَالِصُ وَالَّذِينَ اتَّخَذُوا مِنْ دُونِهِ أَوْلِيَاءَ مَا نَعْبُدُهُمْ إِلَّا لِيُقَرِّبُونَا إِلَى اللَّهِ زُلْفَى إِنَّ اللَّهَ يَحْكُمُ بَيْنَهُمْ فِي مَا هُمْ فِيهِ يَخْتَلِفُونَ إِنَّ اللَّهَ لَا يَهْدِي مَنْ هُوَ كَاذِبٌ كَفَّارٌ

"Бұл кітаптың түсірілуі тым үстем, аса дана Аллаһтан. (Мұхаммед саллаллаһу әлейһи уә сәләм), расында саған бұл кітапты бір шындықпен түсірдік. Ендеше Аллаһтың ықыласпен құлшылық ет. Естеріңде болсын! Ықыласты дін тек Аллаһқа тән. Сондай Аллаһтан өзгеге құлшылық еткендер, және оларды дос тұтқандар:"Біз бұларға бізді Аллаһқа жақындастырсын деп қана құлшылық етеміз"-дейді. Күдіксіз олардың араларындағы[27] тартысқан нәрселеріне Аллаһ Тағала үкім береді. Расында Аллаһ, өтірікші, кәпір болғандарды тура жолға салмайды."[28]

Міне осы аяттарда Аллаһ Тағала оларға пайғамбарымыз Мұхаммед (саллаллаһу әлейһи уә сәләм) жіберілген мүшріктердің сол пұттар, пайғамбарлар және ізгі адамдардың аруақтарына олардың зиян не пайда беретіндігі немесе олар жаратып ризық беретіндіктері үшін құлшылық етпегендігін, керісінше олардан Аллаһтың алдында шапағат тілеп, Аллаһқа жақындастырсын деп құлшылық еткендерін айқындап айтты. Содан соң оларға бұл амалдары үшін олар мүшрік кәпірлер деп үкім етті.

Осы мағына жайлы Аллаһ Тағала басқа аятта былай деді:

يُولِجُ اللَّيْلَ فِي النَّهَارِ وَيُولِجُ النَّهَارَ فِي اللَّيْلِ وَسَخَّرَ الشَّمْسَ وَالْقَمَرَ كُلٌّ يَجْرِي لِأَجَلٍ مُسَمًّى ذَلِكُمُ اللَّهُ رَبُّكُمْ لَهُ الْمُلْكُ وَالَّذِينَ تَدْعُونَ مِنْ دُونِهِ مَا يَمْلِكُونَ مِنْ قِطْمِيرٍ (13) إِنْ تَدْعُوهُمْ لَا يَسْمَعُوا دُعَاءَكُمْ وَلَوْ سَمِعُوا مَا اسْتَجَابُوا لَكُمْ وَيَوْمَ الْقِيَامَةِ يَكْفُرُونَ بِشِرْكِكُمْ وَلَا يُنَبِّئُكَ مِثْلُ خَبِيرٍ (14)

"Аллаһ түнді күндізге кіргізеді және күндізді түнге кіргізеді. Ол күн мен ай-ды да (сендердің пайдаларың үшін) бой ұсындырып қойған, әрбірі белгілі мерзімге дейін жүреді. Міне, сол Аллаһ — сендердің Раббыларың, билік тек оған

тән. Одан өзге табынғандарың бір ұрық қабығына да ие емес. Егер оларға жалбарынсаңдар, олар сендердің дауыстарыңды естімейді. Егер естісе де, сендерге жауап бере алмайды және қиямет күнінде сендердің оларды (Аллаһқа) серік етіп қосқан-дарыңнан аулақ болады. (Әй,Мұхаммед саллаллаһу әлейһи уә сәлләм, Дүние, ақырет туралы) саған барлық нәрседен хабардар Аллаһ сияқты (ешкім) хабар бере алмайды." [29]

Бұл аятта Аллаһ Тағала иелік тек оған тән және ол барлық жаратылысты басқарушы екендігін айтты. Сондай-ақ мүшріктердің Аллаһтан өзге табынғандары; ол адам, жын немесе тас, әлде терек болса да ешқайсысы бір ұрық қабығына да иелік ете алмайды. Сонымен қатар олар өздеріне дұға етіп жалбарынғанды естімейді, егер естісе де оған жауап қата алмайды. Өйткені олар өлі мен жоқтың немесе жансыздықтың арасында, олар еш нәрсе істей алмайды.

Аллаһ Тағала жоғарыдағы аятта мүшріктердің табынғандары қиямет күні олардың серік қосқандарынан аулақ болып оны қайтаратындықтарын айтты. Бұл нәрсе мүшріктердің оларға дұға етулері, оларға тәуелді болулары Аллаһқа серік келтіруге жататындығына дәлел болады. Бұл жайында Аллаһ Құранда былай деген:

وَيَوْمَ نَحْشُرُهُمْ جَمِيعًا ثُمَّ نَقُولُ لِلَّذِينَ أَشْرَكُوا مَكَانَكُمْ أَنْتُمْ وَشُرَكَاؤُكُمْ فَزَيَّلْنَا بَيْنَهُمْ وَقَالَ شُرَكَاؤُهُمْ مَا كُنْتُمْ إِيَّانَا تَعْبُدُونَ (28) فَكَفَى بِاللَّهِ شَهِيدًا بَيْنَنَا وَبَيْنَكُمْ إِنْ كُنَّا عَنْ عِبَادَتِكُمْ لَغَافِلِينَ

"Ол күнде біз олардың барлықтарын жинаймыз, сонан соң мүшрік болғандарға:"Сендер де, Аллаһқа серік қосқан пұттарың да орындарыңнан жылжымаңдар"-деп, олардың араларын ажыратамыз. Сонда олардың серік қосқандары[30] **олардан аулақ болып:"Сендер бізге құлшылық етпедіңдер,(өйткені біз Аллаһты оған біреудің теңдес немесе серік болуынан пәктейміз). Ендеше, Аллаһтың өзі біз бенен сендердің арамызға куәлікке жетерлі. Расында біз сендердің біз үшін қылған құлшылықтарыңнан хабарсызбыз-" дейді"**.[31]

Тағы бір аятта Аллаһ Тағала:

وَمَنْ أَضَلُّ مِمَّنْ يَدْعُو مِنْ دُونِ اللَّهِ مَنْ لَا يَسْتَجِيبُ لَهُ إِلَى يَوْمِ الْقِيَامَةِ وَهُمْ عَنْ دُعَائِهِمْ غَافِلُونَ (5) وَإِذَا حُشِرَ النَّاسُ كَانُوا لَهُمْ أَعْدَاءً وَكَانُوا بِعِبَادَتِهِمْ كَافِرِينَ

"Аллаһты қойып, қиямет күніне дейін (дұғаға) жауап бере алмайтындарға жалбарынатындардан кім адасушырақ? Негізінде олар (жансыз пұттар)олардың дұғаларынанан бей- хабар. Қиямет күнінде адамдар есеп-қисап үшін жиналған кезде, оларға табынғандары дұшпан болады, және олардың өздеріне құлшылық қылғандарына қарсы шығады"[32]-деді.

Міне осы аятта Аллаһ Тағала адамдардың Аллаһтан өзге табынғандарының барлықтары қиямет күнінде өздеріне құлшылық еткендерден аулақ болып, олардың өздеріне қылған құлшылықтарына қарсы шығатынын және олардың өздеріне қылған құлшылықтарынан хабарсыз болғандарын хабарлайтынын баян етті.

Сол мүшріктердің қайғысынан ауыр қайғы бар ма? Қиямет күні оларды қандай жаман қасірет күтіп тұр десеңізші?! Өйткені олар өздеріне не пайда, не зиян бермейтін біреу-лерді Аллаһқа серік етіп кәпір болды және сол себепті азабы қатты болған Раббыларының ашуына ұшырады. Сондықтан олар қияметте қорлыққа душар болып, өкініш сазайын тартады. Аллаһ Тағала айтады:

وَمَنْ يَدْعُ مَعَ اللَّهِ إِلَـهًا آخَرَ لَا بُرْهَانَ لَهُ بِهِ فَإِنَّمَا حِسَابُهُ عِنْدَ رَبِّهِ إِنَّهُ لَا يُفْلِحُ الْكَافِرُونَ

"Кім өзі үшін ешқандай құжат болмаған халде Аллаһпен бірге басқа бірер тәңірге жалбарынса, онда оның есеп-қисабы Раббысының алдында болады. әлбетте кәпір болғандар құтылмайды."[33]

Қасиетті Құран Кәрімде ширктің[34] жалған екендігін және соны іс- теген адамдардың жазасы өте қиын болатынын әрі қиямет күні олар үшін қатты қайғы-қасірет болатынын

баяндайтын аяттар өте көп. Сондай-ақ пайғамбарымыздан келген сахих сүннетте осы нәрселерді баяндайтын және сол мүшріктердің (саллаллаһу әлейһи уә сәлләм) таухид рубубияда[35] серік келтірмегендерін, керісінше олар жаратушы, рызықтандырушы, істерді басқарушы Аллаһ екендігін білетіндіктерін баяндайтын хадистер келген. Мүшріктер Аллаһпен қатар басқа біреуге дұға ету, қорқу, үміт ету және құрбан шалу мен нәзір ету сияқты құлшылық-тың түрлерінде Аллаһқа серік келтірген. Сахих Бухарий мен Муслимде Ибн Аббастан (оған Аллаһ разы болсын) риуаят етілген хадисте пайғамбарымыз (саллаллаһу әлейһи уә сәлләм) Мұғазды (оған Аллаһ разы болсын) Иеменге жіберген кезінде оған:

"إنك تأتي قوما من أهل الكتاب فليكن أول ما تدعوهم إليه شهادة أن لا إله إلا الله"

"Расында сен кітап иелеріненболған қауымға барасың, оларды шақыратын нәрселеріңнің ең біріншісі: "Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ"-деп куәлік ету болсын!"-деді. Басқа риуаятта:

"فادعهم إلى أن يشهدوا أن لا إله إلا الله و أني رسول الله"

"Оларды Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ және мен Аллаһтың елшісімін деп куәлік етуге шақыр"-делінген. Имам Бухаридің риуаятында:

"فادعهم إلى أن يوحدوا الله"

"Оларды Аллаһты бірлеуге шақыр"[36]-делінген.

Сахих Муслимде Сағд Ибн Торық Әл-Әшжағиден, оның әкесінен риуаят етілген хадисте пайғамбарымыз (саллаллаһу әлейһи уә сәлләм) :

"من قال لا إله إلا الله و كفر بما يعبد من دون الله حرم ماله و دمه و حسابه على الله عز وجل"

"Кім Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ десе және Аллаһтан басқаға құлшылық етіліп жат-қандарға қарсы болса, оның малы мен қаны харам болады және оның есеп-қисабын Аллаһ береді"-деді. Осы хадис Муслимнің риуаятында:

"من وحد الله و كفر بما يعبد من دون الله"

"Кім Аллаһты бірлесе және одан өзге құлшылық етіліп жатқандарға қарсы болса"-деп келген.

Міне осы екі хадис құлшылықта Аллаһты бірлеу және ықыласты болудың әрі одан өзге құлшылық етіліп жатқандарға қарсы болудың уәжіп екендігін ашық айқындайды.

Сахих Бухарий мен Муслимде Абу Хурайрадан(оған Аллаһ разы болсын) риуаят етілген хадисте пайғамбарымыз (саллаллаһу әлейһи уә сәлләм) Жәбірейіл періштенің ислам жайлы сұраған сұрағына:

"أن تعبد الله و لا تشرك به شيئا و تقيم الصلاة المفروضة و تؤدي الزكاة المكتوبة"

"Ислам — Аллаһқа құлшылық етуің және оған еш нәрсені ортақ қоспауың, парыз етілген намазды оқуың және парыз етілген зекетті беруің"-деп жауап берді.

Сахих Муслимде Ибн Ұмардан (оған Аллаһ разы болсын) риуаят етілген хадисте пайғамбарымыз (саллаллаһу әлейһи уә сәлләм):

"بني الأسلام على خمس: على أن يوحد الله و إقام الصلاة و إيتاء الزكاة و صوم الرمضان و حج البيت"

"Ислам бес нәрсеге құрылған: Аллаһты бірлеуге, намаз оқуға, зекет беруге, Рамазанда ораза ұстауға және қажылыққа баруға"-деген.

Муслимнен келген басқа риуаятта:

"على أن يعبد الله و يكفر بما دونه"

"Аллаһқа құлшылық етуге және одан басқаға құлшылық етіліп жатқандарға қарсы болуға"-деген.

Бұл хадистің негізі Сахих Бухарий мен Муслимдегі және Тирмизий мен Насайдегі "Иман" кітабында және Имам Ахмадтың "Муснад" атты кітабында "Марфуғ"[37] дәрежеде былай деп риуаят етілген:

" بني الأسلام على خمس: شهادة أن لا إله إلا الله، وأن محمدا رسول الله و إقام الصلاة و إيتاء الزكاة و صوم الرمضان و حج البيت"

"Ислам бес нәрсеге құрылған: Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ және Мұхаммед Аллаһтың елшісі деп куәлік ету, намаз оқу, зекет беру, Рамазанда ораза тұту және қажылыққа бару."

Имам Муслим Жәбірейіл періштенің (әлейһис-сәләм) пайғамбырымыздан (саллаллаһу әлейһи уә сәлләм) ислам, иман және ихсан жайлы сұраған хадисін Ұмардан (оған Аллаһ разы болсын) риуаят еткен. Ол хадисте пайғамбарымыз (саллаллаһу әлейһи уә сәлләм) Жәбірейілдің (әлейһис-сәләм) ислам жайлы сұраған сұрағына былай деп жауап берді:

" الإسلام أن تشهد أن لا إله إلا الله، وأن محمدا رسول الله وتقيم الصلاة و تؤتي الزكاة و تصوم الرمضان و تحج البيت إن استطعت إليه سبيلا"

"Ислам: Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ және Мұхаммед Аллаһтың елшісі деп куәлік беруің, намаз оқуың, зекет беруің, Рамазанда ораза тұтуың және жолға шамаң келсе қажылыққа баруың".[38]

Бұл хадистер және олардың мағыналары шындығында Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ деп куәлік берудің мағынасы — ол Аллаһты бірлеу және құлшылықты ықыласты түрде тек Аллаһқа арнау әрі одан өзге құлшылық етіліп жатқандардың барлығына қарсы болу екендігін білдіреді.

Міне осы — Аллаһ Тағала өзінің пайғамбарларын сол себепті жіберген және сол үшін кітаптар түсірген, соған байланысты жихат туы көтерілген және адамдар сол себепті кәпір мен мүмінге, бақытты мен бақытсызға бөлінген таухидтің шынайы мағынасы. Сондықтан әрбір кәмілетке толған адам үшін тозақтан құтылу себептеріне көбірек көңіл бөлу, таухидті ұстану және құлшылықты ықыласпен Аллаһқа арнау, сондай-ақ одан өзге құлшылық етіліп жатқанның барлығына қарсы болу әрі одан бас тарту уәжіп болады. Сонымен қатар Аллаһқа ортақ қоспайтындарды дос тұтып ортақ қосушыларды жау тұту уәжіп болады. Өйткені Аллаһ бізге Иброхим пайғамбарды (әлейһис-сәләм) мысалға келтіріп былай деді:

قَدْ كَانَتْ لَكُمْ أُسْوَةٌ حَسَنَةٌ فِي إِبْرَاهِيمَ وَالَّذِينَ مَعَهُ إِذْ قَالُوا لِقَوْمِهِمْ إِنَّا بُرَآءُ مِنْكُمْ وَمِمَّا تَعْبُدُونَ مِنْ دُونِ اللَّهِ كَفَرْنَا بِكُمْ وَبَدَا بَيْنَنَا وَبَيْنَكُمُ الْعَدَاوَةُ وَالْبَغْضَاءُ أَبَدًا حَتَّى تُؤْمِنُوا بِاللَّهِ وَحْدَهُ

"Ақиқатында сендерге Иброхим мен онымен бірге болғандарда бір көркем өнеге бар. Сол уақытта олар елдеріне:"Расында біз сендерден де, сендердің Аллаһтан өзге табынғандарыңнан да аулақпыз. Сендермен біздердің арамызда мәңгі дұшпандық басталды. Біз сендерге сендер жалғыз Аллаһқа иман келтіргендеріңе дейін қарсы боламыз"-деген еді".[39]

Міне бұл барлық пайғамбарлардың діні. Бұл дін — Аллаһ Тағала оны осымен жіберген, пайғамбарлардың мөрі және ең артығы болған пайғамбарымыз Мұхаммедтің діні.

Сондықтан әр мұсылманға осы таухидті мықтап ұстану, оған берік болу және адамдарды оған шын ықыласымен шақыруы міндет. Сондай-ақ осы жолда кездесетін қиыншылықтарға сабыр қылу уәжіп болады. аллаһ Тағала өзінің пайғамбарына былай дейді:

فَاصْبِرْ كَمَا صَبَرَ أُولُوا الْعَزْمِ مِنَ الرُّسُلِ

" Пайғамбарлардың мықтылары сабыр еткендей сабыр ет;"[40]

{ وَاصْبِرْ وَمَا صَبْرُكَ إِلاَّ بِاللّهِ}

"Сабыр ет! Сабыр етуің Аллаһтың ған мархаметі;"[41]

وَاصْبِرُواْ إِنَّ اللّهَ مَعَ الصَّابِرِينَ

"Сабыр етіңдер!Расында Аллаһ сабыр етушілермен бірге;"[42]

وَالْعَصْرِ (1) إِنَّ الْإِنْسَانَ لَفِي خُسْرٍ (2) إِلَّا الَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ وَتَوَاصَوْا بِالْحَقِّ وَتَوَاصَوْا بِالصَّبْرِ

"Асырға серт! Расында адамзат қасіретте. Тек иман келтіргендер, ізгі амалдар істегендер, бір-біріне ақиқатты үгіттескен және (осы жолда) бір-біріне сабыр етуді үгіттескендер ғана қасірет-зиян шекпейді;"[43]

إِنَّمَا يُوَفَّى الصَّابِرُونَ أَجْرَهُم بِغَيْرِ حِسَابٍ

"Сабыр етушілерге сауаптары есеп-қисапсыз беріледі." [44]

Аллаһтан бізбен сіздерді және барлық мұсылмандарды әрі барлық ақиқатқа шақырушыларды оның разы болатын және пенденің пайдасына болатын істерге жеткізуін сұраймын! Сондай-ақ Аллаһтан барлық мұсылмандардың басшыларын халық үшін пайдалы және тура жолға бастайтын істерге жеткізуін сұраймын! Расында Аллаһ соның иесі әрі оған қадірлі. Пайғамбарымыз Мұхаммедке, оның жанұясына, сахабаларына және қияметке дейін олардың іздерімен жүргендерге Аллаһтың сәлемі мен салауаты болсын!

(Шейх Ибн Баз)

---

[1] Нахл. 36

[2] Зұхруф.26-27

[3] Сүйікті пайғамбары

[4] Әнбия. 25

[5] Хаж. 62

[6] Ибн Саъди тәпсірі. *(Қысқаша түрде).*

[7] Сод.5

[8] Соффат.36

[9] Зәриәт.56-57

[10] Бақара.21-22.

[11] Фатыр 15-17.

[12] Нұх. 10-12

[13] Шұғара. 128-135

[14] Аудармашыдан. (Ибн Саъди тәпсірінен)

[15] Шұғара. 146-152

[16] Сүйікті пайғамбары.

[17] Шұғара 69-89

[18] Аграф. 148

[19] Таха. 89

[20] Анкабут.16-17

[21] Соффат. 83-87

[22] Мәриям.41-50

[23] Аграф. 70

[24] Юнус. 18

[25] Яғни сендер Аллаһ сол қамқоршылардың бар екенін білмейді, біз соны Аллаһқа білдіріп қоямыз демексіңдерме? Расында егер аспан мен жерде сендер үшін Аллаһтың қасында шапағат ететін шапағатшылар болса, оларды Аллаһ сендерден жақсы білетін еді. Аллаһ Тағала мүшріктерден және олардың өздеріне не пайда не зиян бермейтін нәрселерді оған серік қылуларынан пәк.

[26] Юнус.18

[27] Аллаһқа ықыласты түрде, еш нәрсені серік келтірмейтіндер мен мүшріктердің араларындағы.

[28] Зүмәр.1-3

[29] Фатыр. 13-14

[30] Яғни періштелер, пайғамбарлар және әулиеиер.

[31] Юнус. 28-29

[32] Ахқоф. 5-6

[33] Мүміндер. 117

[34] Аллаһқа ортақ қосу.

[35] Таухид рубубия деп жарату, ризықтандыру, өлтіру және тірілту әрі барлық істі басқару тек Аллаһтың қолында деп иман келтіруді айтады.

[36] Бір Аллаһқа құлшылық етуге шақыр.

[37] Марфуғ хадис деп пайғамбарымызға (саллаллаһу әлейһи уә сәлләм) ніспеттелген нәрсені айтады. Ніспеттеген адам сахаби немесе одан төменірек біреу болуы мүмкін. Ол нәрсе сөз немесе бір іс немесе пайғамбарымыздың (саллаллаһу әлейһи уә сәлләм) бір нәрсені мойындауы немесе пайғамбарымызды (саллаллаһу әлейһи уә сәлләм)сипаттаған бір сипат болуы мүмкін.

[38] Муслим(Иман кітабы 1558), Тирмизи(Иман кітабы 2610), Насайи (Иман және оның бөліктері4990) Абу Дауд (Сунна 4695), Ибн Мәжжа, (кіріспе 63), Ахмад Ибн Ханбаль(Муснад 1/52)

[39] Мумтахина. 4

[40] Ахқоф. 35

[41] Нахыл. 127

[42] Әнфәль. 46

[43] Асыр. 1-2-3.

[44] Зүмәр. 10